2022-2023 оқу жылы №3 Хромтау орта мектебі кітапханасының жұмысы туралы анықтама

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында балалардың ертегі оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында 1-5 сынып аралығында «Ертегілер де біздің қонақтар» атты сахналық қойылым көрсетілді.Жалпы 1-5 сынып аралығында 11 сынып қатысты.Оқушылар жақсы дайындалған,киім үлгілері де сахналық қойылымға сай ,ертегі кейіпкерлерін сомдауда белсенділік танытты.Сыныптар **«Үздік ертегі -2022»,** 1«а» сынып «Жеті лақ», 2«ә» сынып «Үйшік», 4«б» сынып «Алдар көсе», 5«в» сынып «Алдар көсе»

«Ең үздік кейіпкерлер» 1«б» сынып «Мақта қыз бен мысық», 3«а» сынып «Қарлығаштың құйрығы неге айыр», 4«а» сынып «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ,4«ә» сынып «Алтын сақа»

«Ең үздік қойылым» 1«ә» сынып «Бауырсақ», 3«ә» сынып «Алма» , 4«в» сынып «Шалқан» ертегілері марапаттарға ие болды.



Scanned with CamScanner Сканировано с Cam

2022-2023 оқу жылы №3 Хромтау орта мектебі кітапханасының жұмысы туралы анықтама

«№3 Хромтау орта мектебі» КММ –де кітапханашы мұғалімдер арасында кітап оқуды ұйымдастырды.

Мақсаты: Жазушы Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығы мен өмірі жайлы мұғалімдер арасында насихаттау.Өлеңдеріне деген қызығушылығын арттыру.

Іс – шара барысы:Математика пәні мұғалімдеріне Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларын оқуды тапсырылды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқырмандардың кітап оқуға құштарлығын арттыру мақсатында мұғалімдер арасында кітап оқуды насихаттауда математика пәні мұғалімдері жазушы,ақын, философ Шәкәрім Құдайбердіұлының өмір жолын баяндап, шығармаларын оқып,талқылау барысында өлеңдерін оқыды.

Қорытынды:Кітапхана оқырмандары Шәкәрімнің шығармалары арқылы өз ұлтының тарихына үңіліп,еліне деген сүйіспеншілік ,туған жерге деген құрметті сезінді.

Өткізілу әдісі: оқу сағаты

Қолданылған көрнекіліктер: Шәкәрімнің кітаптары,слайд материалдары

Ұсынылған кітаптар: «Қазақ айнасы»

Қатысқаны:математика пәні мұғалімдері

Барлығы: 5

Кітапханашы:Талтанова А.А.



Scanned with CamScanner Сканировано с Cam

2022-2023 оқу жылы №3 Хромтау орта мектебі кітапханасының жұмысы туралы анықтама

«№3 Хромтау орта мектебі» КММ –де кітапханашы «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында балалардың кітап оқуға деген ынтасын арттыруда «Бәріміз бірге оқимыз» жоба негізінде 1 «а» сынып оқушыларымен жаңа кітаппен танысу шарасы өткізілді.

Мақсаты:Оқушыларға «Балалар поэзиясының антологиясы» атты кітапты таныстыру,осы кітап ішінде топтастырылған балалар жазушыларының шығармаларын таныстыра отырып, Отанды сүюге,ел мен жерді қастерлеп,әдепті ,білімді болуға үйрету.

Іс-шара барысы: «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында балалардың кітап оқуға деген ынтасын арттыруда «Бәріміз бірге оқимыз» жоба негізінде 1 «а» сынып оқушыларымен кітапханаға келген жаңа кітаппен танысу шарасы өткізілді. Сынып жетекшісі Жаппакова Ақтолқын Жолболсынқызы оқушыларына «Жыр маржаны» - «Балалар поэзиясының антологиясы» кітабынан «Әжемнің ақ батасы» атты өлеңді оқып берді.Оқушылар «Кім болам?» деген әртүрлі мамандық иелеріне арналған өлеңдерді жатқа оқыды.Оқушылар белсенділік танытты.

Қорытынды:1 сынып оқушылары балаларға арналған кітап мазмұнымен танысып, оның ішіндегі өлеңдерді оқыды.
Өткізілу әдісі: Жыр шашу
Қолданылған көрнекіліктер:кітап
Ұсынылған кітаптар: «Қазақ поэзиясының антологиясы»
Іс-шара мерзімі қашан,қайда? Оқу кабинетінде
Қатысқаны: 1сынып оқушылары
Барлығы: 18
Кітапханашы: Талтанова А.А





Scanned with CamScanner Сканировано с Cam



Scanned with CamScanner Сканировано с Cam

2022-2023 оқу жылы №3 Хромтау орта мектебі кітапханасының жұмысы туралы анықтама

«№3 Хромтау орта мектебі» КММ –де кітапханашы «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында балалардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында «Бәріміз бірге оқимыз» атты жоба негізінде акция ұйымдастырылды.

Мақсаты: Әңгіме мазмұны арқылы кейіпкерлер іс-әрекетіне, автор көзқарасына бойлау, оқушылардың тақырыпқа қызығушылығын ояту, мағынаны танып білуге, ажыратуға,ой толғауға іскерлік дағдысын қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту

Іс-шара барысы: 7 «б» сынып оқушылары Мұхтар Әуезовтың «Көксерек» әңгімесін оқып,өз ойларын ,мазмұнын баяндайды. Шығарманың оқиғалық желісі, яғни сюжеті Көксерек іс-әрекетіне байланысты өрбіп дамиды. Сондықтан біз алдымен осы әңгіменің композициялық құрылысына талдау жасап көрсек. Қасқыр мекені.Бөлтіріктер тағдыры Көксеректің ұяластарымен табысуы. Қарадыр еліндегі мазасыздық Құрмаштың қазасы : Көксеректің жазасын тартуы

Қорытынды. Жазушымен, оның шығармасымен танысты, талдады, баға берді. Ал сонда бұдан қандай әсер алдық деген саулға оқушылар өз ойларын айтып бөлісті.

Өткізілу әдісі: талдау,іздену,оқу
Қолданылған көрнекіліктер: Мұхтар Әуезов кітабы «Көксерек»
Ұсынылған кітаптар: Мұхтар Әуезов кітаптары
Іс-шара мерзімі қашан,қайда? кабинет
Қатысқаны: 7 «б» сынып оқушылары
Барлығы:
Кітапханашы:Талтанова А.А.





Scanned with CamScanner Сканировано с Cam

2022-2023 оқу жылы №3 Хромтау орта мектебі кітапханасының жұмысы туралы анықтама

«№3 Хромтау орта мектебі» КММ –де кітапханашы «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында балалардың кітап оқуға деген ынтасын арттыруда «Бәріміз бірге оқимыз» жоба негізінде 2 «Ә» сынып оқушыларымен үзілісте кітап оқу сағаты ұйымдастырылды.

Мақсаты:Оқушыларды кітап оқуға тарту,кітапты көп оқитын орта қалыптастыру. Оқырмандардың назарын кітапқа аударту,кітаптың адам өміріндегі орны туралы түсінік беру.Кітапты сүйе білуге ,қадірлеуге баулу.

Іс-шара барысы:Кітап оқуды жандандыру ,оқуға тарту негізінде бұл жоба бойынша балалардың бос уақытын кітап оқуға жұмсауды үйретуде «Оқуға құштар мектеп » жобасы аясында «Бәріміз бірге оқимыз» атты оқу сағаты ұйымдастырылды. Бұл шараға 2 «ә» сынып оқушылары қатысты.Балалар өздеріне ұнаған ертегі кітаптарды оқып, өз білгендерін айтып,мазмұнын түсінгендерін баяндады.

Қорытынды:

Өткізілу әдісі: кітап оқу

Қолданылған көрнекіліктер: ертегі кітаптар

Ұсынылған кітаптар:ертегілер

Іс-шара мерзімі қашан,қайда?кітапханада 22.02.23ж

Қатысқаны: 1сынып оқушылары

Барлығы:20

Кітапханашы:Талтанова А.А.



Scanned with CamScanner Сканировано с Cam

2022-2023 оқу жылы №3 Хромтау орта мектебі кітапханасының жұмысы туралы анықтама

«№3 Хромтау орта мектебі» КММ –де кітапханашы «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында балалардың кітап оқуға деген ынтасын арттыру мақсатында «Мен оқыған кітап» атты акция ұйымдастырылды. 7 «ә» сынып оқушысы Алимбаева Ақпейіл Б.Момышұлы «Ұшқан ұя», 7 «а» сынып оқушысы Нұрланқызы Жаннұр Қасым Қайсенов «Жау тылындағы бала», 7 «в» сынып оқушысы Саматова Жанбота Мұқан Иманжанов «Алғашқы айлар».7 «б» сынып оқушысы Алпамысова Сабина Оралхан Бөкей «Өз Отыңды өшірме»,

Мақсаты: Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру.Әрбір тұлғаның кітап оқу арқылы кітапқа деген сүйіспеншілігін ояту. Оқырманның кітапқа деген ерекше көзқарасын қалыптастыру.

Іс-шара барысы: «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру ,өз ойын тиянақты,еркін жеткізе білу мақсатында «Мен оқыған кітап»акциясы 7 «б» сынып Алпамысова Сабина Оралхан Бөкейдің «Өз Отыңды өшірме»,7 «в» сынып Саматова Жанбота Мұқан Иманжановтың «Алғашқы айлар»,7 «а» сынып Нұрланқызы Жаннұр Қасым Қайсеновтың «Жау тылындағы бала», 7 «ә» сынып Алимбаева Ақпейіл Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя» 7 «ә» сынып Алимбаева Ақпейіл Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя»



Қорытынды: Кітабың сенің, құралың,
Жағар білім шырағын.
Баса алмайсың ешқашан,
Онсыз алға бір қадам.
Кітабыңды құрметте,
Күтіп ұста кірлетпе.
Кішілерге табыс ет, Дақ түсірмей бір бетке.

Өткізілу әдісі:акция
Қолданылған көрнекіліктер:әдеби кітаптар
Ұсынылған кітаптар:Б,Момышұлы,Қасым Қайсенов,Мұқан Иманжановт.б
Іс-шара мерзімі қашан,қайда?01.02.2023ж оқу кабинетінде
Қатысқаны: 7 сынып оқушылары
Барлығы:15
Кітапханашы:Талтанова А.А.

Scanned with CamScanner Сканировано с Cam

2022-2023 оқу жылы №3 Хромтау орта мектебі кітапханасының жұмысы туралы анықтама

«№3 Хромтау орта мектебі» КММ-де кітапханашы 6-7 сынып оқушылары арасында «20 минуттық оқу» үзілісте кітап оқу шарасын ұйымдастырды.
Мақсаты: «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында үзіліс уақытын тиімді пайдалану мақсатында әртүрлі ертегі аңыз әңгімелер ,өлеңдер оқиды.
Іс-шара барысы: «Оқуға құштар мектеп»жобасы аясында кітап оқуға қызығушылығын арттыру үшін кітап оқуға қызықтыру үшін үзілісте,сыныптан тыс уақытта оқушылар өздері ұнататын жанрлары,кітаптары жайлы сөз қозғап, пікір алмасты.Өздері ұнататын кітаптарды сөрелерден алып оқыды. «Оқуға құштар мектеп» бұрышы жанында кітап оқуды бастады.

Өткізілу әдісі:кітап оқу ,әңгімелеу
Қолданылған көрнекіліктер: кітаптар
Ұсынылған кітаптар:Оқушылар өздерінің сүйікті кітаптарымен танысты.
Қатысқаны :6-7 сынып .Барлығы: 20 оқушы
Кітапханашы:Талтанова А.А.



Scanned with CamScanner Сканировано с Cam

2022-2023 оқу жылы №3 Хромтау орта мектебі кітапханасының жұмысы туралы анықтама

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бір сынып-бір кітап» акциясы бойынша 5 «в» сынып оқушылары «Алдар көсе» атты шығарманы оқып , бейнебаянды тамашалап, оқушылар Алдар көсенің ауыз әдебиетінің кейіпкері екенін сараң байларды алдап – арбайтындығын білді.Жалпы оқушылар Алдардың жан-жақты ,ақылды ,айлакерлік қабілеттерін айта келіп өз естіп білгендерін , ойларын айтты.Сынып жетекшісі Алмағанбетова Лаззат Мырзатайқызы 4 «а» сынып оқушыларына Ыбырай Алтынсариннің «Баланың айласы» атты шығармасын дауыстап оқыды және сұрақ қою арқылы оқушылардан жауап алынды. 2 «Ә» сынып оқушылары «Бауырсақ» ертегісінен шағын қойылым көрсетті.



Кітапханашы:Талтанова А.А

Scanned with CamScanner Сканировано с Cam

2022-2023 оқу жылы №3 Хромтау орта мектебі
кітапханасының жұмысы туралы анықтама

«№3 Хромтау орта мектебі» КММ –де кітапханашы «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында балалардың кітап оқуға дегенқызығушылығын арттыру мақсатында «Менің сүйікті ісім кітап оқу» акциясын ұйымдастырылды.

Мақсаты: оқырмандарды көркем шығармалар оқуға шақыру, кітап рухани байлық екенін ұғындыру, кітапханашымен оқырман арасындағы ізгі байланысты жандандыру.

Іс-шара барысы: «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында табиғат аясында «Менің сүйікті ісім кітап оқу» акциясын ұйымдастырылды. Оқушылар түрлі өздеріне ұнаған тақырыптар бойынша кітаптар,өлеңдер оқуда.8 «г» сынып оқушысы Тукешова Аружан М.Мақатаев «Ғашықпын»,8 «г» сынып оқушылары Шандозова А,Искакова Н Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» ,9 «ә»сынып оқушысы Темірғали Аружан Абайдың «Базарға қарап тұрсам әркім барар», 9 «ә» сынып Муафик Г. Ахмет Байтұрсынов «Қазақ салты», 9 «а» сынып оқушылары Көңілқош Азамат Саға Салтанат ,Самат Асет, Сарбасова Жанель Абай Құнанбаевтың«Қыс»

Қорытынды: Кымбатты оқырмандар, кітап бәріңнің де мәңгі сенімді достарың, серіктерің болсын. Кітап қадірін білетін жақсы балалар көбейе берсін. Еліміздің болашағы, ертеңі үшін барлық қуат-қайраттарыңды оқуға, заман талабына сай терең білім алуға жұмсаңдар. Өмірде бар нәрсе өзгереді, тек кітапхана халық қажетіне жарап, ғасырлар бойы жасамақ. Осы құндалағымыз ешқашан жоғалмай келешек ұрпақ асыл қазынамыздан нәр алып, сусындай берсін.

Өткізілу әдісі:акция

Қолданылған көрнекіліктер:әдеби кітаптар

Ұсынылған кітаптар:әдеби кітаптар

Іс-шара мерзімі қашан,қайда? 03.02.2023ж табиғат аясында

Қатысқаны: 8 сынып оқушылары

Барлығы:10

Кітапханашы:Талтанова А.А



Scanned with CamScanner Сканировано с Cam

2022-2023 оқу жылы №3 Хромтау орта мектебі кітапханасының жұмысы туралы анықтама

«Бір сынып – бір кітап» акциясы бойынша оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын ояту мақсатында 8 «а» сынып оқушылары жазушы Сәбит Мұқановтың соғыстың ауыр кезеңіндегі мөлдір махаббатты бейнелейтін шоқтығы биік шығармаларының бірі «Мөлдір махаббат» атты шығармасымен танысып,талдау жасады,өз ойларын айтты.



«Бір сынып – бір кітап» акциясы бойынша 5 «ә» сынып оқушылары қазақ ауыз әдебиетінің кейіпкері ,ақылды айлакер Алдар көсе ертегісін оқыды. Түркі халықтарына танымал Алдар көсе туралы түрлі мағлұматтармен танысты ,дауыстап оқыды.Алдар көсе туралы мультфилмдер көрсетілді.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында **«Бір сынып-бір кітап»**акциясы бойынша 8 «а» сынып оқушылары Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар»атты романын оқып танысты.Жазушының 1970 жылы шығарған романы.Оқушылар соғыстан кейінгі Ерболдың студенттік өмірі ,Меңтай мен Ерболдың махаббаты,басынан кешкен қиыншылықтары,отбасылық өмірі,Меңтайдың өмірден озуы туралы өз ойларымен бөлісті.



Кітапханашы:Талтанова А.А

Scanned with CamScanner Сканировано с Cam

2022-2023 оқу жылы №3 Хромтау орта мектебі
кітапханасының жұмысы туралы анықтама

«№3 Хромтау орта мектебі» КММ –де кітапханашы «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Отбасылық оқу сағаты» тақырыбында акция ұйымдастырды.

Мақсаты: Отбасылық оқу мәдениеті - білімді кітап арқылы берілетіндігін ұғындыру адам өміріндегі маңызы мен пайдасын түсіндіру . Отбасылық кітап оқу дәстүрін қайта жаңғырту, оқырмандардың жан-дүниесінде рухани ізгілікті қалыптастыру. Оқу мәдениетін қолдау мен дамытуда жалпы қоғам мен отбасының назарын аудару.

Іс-шара барысы: Оқушылар кітапханаға өз бетінше келеді. Өздері ұнатқан кітаптарын таңдап алады немесе кей кезде кітапханашының көмегіне жүгінеді. Ата – анамен келіп кітап оқитын оқушылар санаулы десек те болады. Оқушы, мектеп, ата – ана арасында байланыс орнату үшін «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектепішілік « Отбасылық оқу сағаты» акциясы ұйымдастырылды.

7 «б» сынып оқушысы Шыңғысхан Диляра «Бабадан қалған байлығым»
6 «а» сынып оқушысы Тлеужанова Райхан «Сиқырлы жұлдызша»,
2 «ә» сынып оқушысы Мұрат Бақытнұр «Бір қазан ботқа»
3 «ә» сынып оқушысы Хасимкулова Кәусар «Мен шалшықтан секіріп аттай алам»
3 «ә» сынып оқушысы Еркін әділет «Түлкі мен қырғауыл»
5 «ә» сынып оқушысы Қалдыбек Саяна Сағи Жиенбаев «Алия»
8 «г» сынып оқушысы Тукешова Аружан «Мұрат Мөңкеұлы»
8 «г» сынып оқушысы Нсаналы Аружан «Қорқыт»
7 «б» сынып оқушысы Серикова Айгерим «Абайдың алтыншы қарасөзі»
7 «ә »Қолғанат Нұржігіт Қ.Қайсенов «Жау тылындағы бала»
4 «в»сынып оқушысы Зейнолла Жадыра «Патша» сарайы
7 «ә» сынып оқушысы Сәден Қуаныш «Ақылдың сөзі»
7 «ә» сынып оқушысы Шарифолла Алдияр Қ.Қайсенов «Жау тылындағы бала»
Қ.Қайсенов «Жау тылындағы бала» Аймағамбетов Ислам М.Мақатаев «Үш бақытым
7 «ә» сынып оқушысы Алимбаева Ақпейіл Т.Әбдік «Қонақтар»
7 «ә» сынып оқушысы Қази Аружан «Әкең де бала болған»
4 «в» сынып оқушысы Мұрат Ұлан «Сатылған көлеңке»
1 «ә» сынып оқушысы Нұржан Арнат «Қой мен қасқыр»

Қорытынды:Акция аясында 2-7 сыныптар аралығында оқушылар –өздері оқыған кітаптары бойынша отбасыларында аналарымен ,бауырларымен,әжелерімен бірге кітап оқып,әрі қарай оқуды жалғастыруда.Белсенділік танытып отырған оқушыларда бар.

Өткізілу әдісі: оқу,акция

Қолданылған көрнекіліктер: әдеби кітаптар,ертегілер ,Әлем халық ертегілері

Ұсынылған кітаптар:

Іс-шара мерзімі қашан,қайда? кітапхана, әлеуметтік желіде

Қатысқаны: 2-7 сынып оқушылары

Барлығы: 20

Кітапханашы:Талтанова А.А.

Scanned with CamScanner Сканировано с Cam



Scanned with CamScanner Сканировано с Cam

2022-2023 оқу жылы №3 Хромтау орта мектебі
кітапханасының жұмысы туралы анықтама

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітап оқуды насихаттау және оқуға шақыру мақсатында «Мен оқыған кітапты сен де оқы» атты оқырмандар керуеніне қатысушы 1 ә сынып оқушысы Жексенбина Жансұлудың анасы Жиенқұл Гүлдина Қазақстан халқы ертегілері кітабынан «Түлкі мен қырғауыл» ертегісін оқуда. 2 «Б » сынып оқушысы Есенғали Аймерей анасымен бірге «Ең қасиетті жеміс» атты ертегіні анасының оқып бергенін қалап, тыңдауда.2 «Б» сынып оқушысы Нұрғалиева Мадина анасымен бірге Абай Құнанбаевтың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін оқуда. 8 «А» сынып оқушысы Нұрлыбайұлы Нұрбақыт анасы Балықбаева Гүлнармен бірге Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» шығармасын оқып баяндайды. 4 «б» сынып оқушылары Абайдың қара сөздерін оқуды ұйымдастырды.Жұмабекқызы Данара 31-ші қарасөз,Кәрімбай Кәусар 32-ші қарасөз,Сабыр Айсезім 1-ші қарасөз,Аслбекова Жұлдыз 25-ші қарасөз, Абилхасен Хидаят 15-ші қарасөз,Тлеужан Ерназар 19-шы қарасөз,Қосдаулет Даяна 7-ші қарасөздерін оқырман қауымға насихаттады.



Кітапханашы:Талтанова А.А

Scanned with CamScanner Сканировано с Cam

2022-2023 оқу жылы №3 Хромтау орта мектебі кітапханасының жұмысы туралы анықтама

№3 Хромтау орта мектебі «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Бір сынып-бір кітап » акциясы бойынша 6 «а» сынып оқушылары Қазақтың ұлы жазушысы ,қоғам қайреткері Мұхтар Әуезовтың «Көксерек» атты шығармасын оқып,мазмұнын қысқаша баяндап,оқырмандарды оқуға шақырады.Сынып жетекшісі Казиева М.З. 9 сыныпта жазушы,қазақы дәстүрлерді насихаттаушы Зейнеп Ахметованың «Жетілік ұғым» атты кітабын оқыды.Бұл қазақ халқына қажет тәрбиелік мәні зор туынды,әр шаңырақтың төрінде тұруға лайықты шығарма. «Жетілік ұғым» кітабында жеті санының қасиеті туралы айтылғандығы және ұлттық дәстүрлер туралы ойларымен бөлісті.



№3Хромтау орта мектебі «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бір сынып-бір кітап» акциясы негізінде 9 «ә»сынып оқушылары Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың қаһармандық рухтағы шығармаларының бірі «Ақиқат пен аңыз»шығармасын оқып,Ұлы Отан соғысының даңқты қаһарманы,гвардия полковнигі Б.Момышұлының азаматтық ерлігі ,өмір жолы туралы баяндап,талқылай отырып сұрақтарға жауап берді.



Кітапханашы:Талтанова А.А.

Scanned with CamScanner Сканировано с Cam

2022-2023 оқу жылы №3 Хромтау орта мектебі кітапханасының жұмысы туралы анықтама

Жалпы мектеп бойынша ата-аналар балаларының сабаққа деген ынтасын, қабілеттерін бақылау мақсатында ашық есік күні болды. Ашық есік күніне келген ата-аналар кітапханағада келіп жаңа кітаптармен танысты. Түрлі сұрақтар қойылып, жауап алды.Жаңа кітаптарды ашып оқып танысты. Балалары мен бірге кітап оқуға болатыны айтылды.



Кітапханашы:Талтанова А.А

Scanned with CamScanner Сканировано с Cam

2022-2023 оқу жылында №3 Хромтау орта мектебі кітапханасында жүргізілген жұмыстар туралы анықтама.

Мақсаты: Оқушыларға Мұхтар Әуезовтың өмір жолы мен жазушылық қызметінен , шығармашылығынан мағлұмат беру.Жазушының әлемдік мәдениетке қосқан үлесі туралы оқушылардың білімін жетілдіру.

«Нағыз оқитын кез» және «балалар жылы» аясында кітапханада қазақтың ұлы жазушысы ,ғұлама ғалым,қоғам қайраткері ,филология ғылымының докторы ,профессор Қазақстан ғылым академиясының академигі ,Қазақ КСР еңбек сіңірген ғылым қайраткері Мұхтар Әуезовтың туғанына 125 жыл толуына орай №3 Хромтау орта мектебі кітапханасының жоспары бойынша ақын, жазушы Мұхтар Әуезовтың туғанына125 жыл толуына байланысты қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бітімбай Айдана Сағымжанқызы «Әлем таныған Әуезов» атты танымдық сағатын өткізді.Аталған шараға 7 «ә» сынып оқушылары қатысты.Оқушылар ақынның өмірі мен шығармашылығы жөнінде видеожазба көрсетіліп таныстырылды.
Оқушыларға Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың өмірі мен шығармашылығымен таныстыра отырып,сұраққа жауап ретінде рухани жан дүниесін байыту.



Кітапханашы :Талтанова А.А.

Scanned with CamScanner Сканировано с Cam

2022-2023 оқу жылында №3 Хромтау орта мектебі кітапханасында жүргізілген жұмыстар туралы анықтама.

Мақсаты: Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру және оқу сауаттылығын дамыту,балалардың кітап оқу белсенділігін арттыру.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында тыныш оқу , мағыналық оқу сағаттарын өткізу мақсатында мектептің мұғалімдері ,оқушылар мен ата-аналар,мектеп қызметкерлерімен 20 минуттық кітап оқуды ұйымдастыру. Жалпы «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша мұғалімдер,оқушылар,ата-аналар арасында кітап оқуға қызығушылық танытуда,бос уақыттарын тиімді өткізу үшін қоңырауда,сабақтан тыс уақыттарда «20 минуттық оқу» сағатын жүргізу қолға алынды.Оқушылар өздеріне ұнаған кітаптарын алып оқып, қысқаша мазмұнын баяндап отырды.Кітапханаға үзіліс уақытында,сабақтан тыс уақытта оқушылар «20 минуттық оқу» сағаты бойынша өздеріне ұнаған кітаптарды алып оқиды.1-2 сынып ертегі кітаптарды қызықтап оқыды.



Кітапханашы :Талтанова А.А.

Scanned with CamScanner Сканировано с Cam

2022-2023 оқу жылы №3 Хромтау орта мектебі кітапханасының жұмысы туралы анықтама

№3 Хромтау орта мектебі«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітап оқуды насихаттау және оқуға шақыру мақсатында «Мен оқыған кітапты сен де оқы» тақырыбында оқырмандар керуені журуде.2 «Б » сынып оқушысы Есенғали Аймерей анасымен бірге «Ең қасиетті жеміс» атты ертегіні анасының оқып бергенін қалап, тыңдауда.2 «Б» сынып оқушысы Нұрғалиева Мадина анасымен бірге Абай Құнанбаевтың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін оқуда. 8 «А» сынып оқушысы Нұрлыбайұлы Нұрбақыт анасы Балықбаева Гүлнармен бірге Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» шығармасын оқып баяндайды.5 «а » сынып оқушысы Бексары Сезім жазушы Дулат Бабатайұлының «О,Ақтан жас, Ақтан жас» атты өлеңін ұсынған болатын.5 «а» сынып оқушысы Мараткызы Қарақат Дулат Бабатайұлының «О,Ақтан жас,Ақтан жас» атты өлеңін оқыды.



Кітапханашы:Талтанова А.А.

Scanned with CamScanner Сканировано с Cam

2022-2023 оқу жылында №3 Хромтау орта мектебі кітапханасында жүргізілген жұмыстар туралы анықтама.

Мақсаты: Оқушылардың оқырмандық талғамын қалыптастыру ,күз мезгілі туралы түсінік беру,өлеңді тыңдап,өз түсінігін жүйелі айтып беруге баулу,табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.

№3 Хромтау орта мектебі кітапханасының жоспарына сай «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында балалардың күзгі демалысы кезінде бос уақытын тиімді өткізу мақсатында «Әдебиет әлеміндегі күз» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Бұл шараға 8- 9 сынып оқушылары қатысты. Ақындардың күз тақырыбындағы өлеңдерін оқып,өз ойларымен бөлісті.

Сап - сары маңай,
Сап-сары тоғай ,
Сәндедім менде
Сары күзге орай дегендей күз кезеңі туралы қысқаша баяндады.8-9сынып оқушылары күз мезгілі, әдебиет әлеміндегі күз бағытында әр түрлі ойларын айтып,сұрақтарға жауап берді.Ақындардың күз туралы айтқан сөздерін айтып,өлеңдерін оқыды.

«Әдебиет әлеміндегі күз» тақырыбында өткен шараға 8-9 сынып оқушылары қатысты.Күз бен әдебиеттің байланысы туралы айта келіп,ақындардың күз туралы өлеңдерін оқыды.



Scanned with CamScanner Сканировано с Cam



Кітапханашы:Талтанова А.А.

Scanned with CamScanner Сканировано с Cam

2022-2023 оқу жылы №3 Хромтау орта мектебі кітапханасының жұмысы туралы анықтама

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ата-аналармен де тығыз байланыс орнату негізінде кітап оқуды насихаттау, қазақ ақындарының өлеңдерінің мағынасын түсініп,мәнерлеп оқу мақсатында 1-11 сынып ата-аналарының кітап оқуға деген қызығушылығын оятуда Бастауыш сынып ата-аналарына А.Байтұрсынов, А.Құнанбаев, Ж.Нәжімеденов тағы басқа ақындардың өлеңдерін оқуға, Орта буын оқушыларының ата-аналарына жазушылардың әңгіме,повестерін, ақындардың өлеңдерін ,батырлар жырын оқуға, жоғары сынып ата-аналарына жазушылардың романдарын,повестерін,Абайдың қара сөздерін оқуға ұсынылды.

Жалпы ата-аналар арасында кітап оқуды насихаттау үшін 3 «ә»сынып оқушыларының ата-аналары Мұқағали Мақатаевтың «Бақыт деген не өзі?» деген өлеңін оқуды ұсынды. 2 «а» сынып ата – анасы Абай Құнанбаевтың «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңін ата-аналар топтасып кезекпен оқыды.

5 «в» сынып оқушысы Қорғанбек Кәусардың анасы Раисова Ақмарал Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңін оқыса, 6 «Б» сынып оқушысы Амангелді Амансеріктің анасы Умарова Светлана М.Мақатаевтың «Ана» өлеңін оқуда.



Кітапханашы :Талтанова А.А.

Scanned with CamScanner Сканировано с Cam